

Өлеңнің аты:

Авторы:

Тақырыбы:

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды,
Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,
Егінші егін еккен жерге барды,
Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кез еді пісіп болған егін түрлі,
Бастарын дөңге тағзым етіп тұрды,
Бидайлар бейне бір бидай тұр көкке қарап,
Жалғыз-ақ бір жалғыз өзін көпке балап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап,
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап:
«Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып,
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзін қайран қалып,
Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзі көпке,
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»
«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,
Ойлама кем екен деп бәрі сонан».
Және де әкесі айтты баласына:
«Сұқтанба құр сорайған қарасына.

Буын саны

Бунақ саны

Ырғақ

Тармақ саны

Шумақсаны

Ұйқасы

Менің бағам

